

Ақтөбе облысының
Қаржы басқармасының
2026 жылғы 28.03
№ 84 бұйрығымен
бекітілген

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің
«№2 Балалар музыка мектебі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 2 балалар музыка мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.
2. Кәсіпорын мемлекеттік кәсіпорындар тізіміне енгізіліп, кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы № 86 қаулысына сәйкес мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын болып қайта құрылды.
3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Ақтөбе облысының әкімдігі болып табылады.
4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.
5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - тиісті саладағы уәкілетті орган) болып табылады.
6. Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№ 2 балалар музыка мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны.
7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 030007, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Есет батыр көшесі, 34.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорында ақша жеткіліксіз болған жағдайда оның міндеттемелері бойынша Кәсіпорынның меншік иесі субсидиарлық жауаптылықта болады.

11. Кәсіпорын өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және өзге де үкіметтік қаулылар мен актілерді, Кәсіпорынның осы Жарғысын басшылыққа алады.

12. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорынның жүзеге асырылатын қызмет түрлері

13. Кәсіпорын қызметінің мәні білім беру саласында қосымша қызметтерді көрсету болып табылады.

14. Кәсіпорын қызметінің мақсаты қосымша білім беру жүйесінде балалардың бос уақытын және мазмұнды дем алуын толыққанды ұйымдастыруға, олардың сапалы қосымша білім алуына, білім алушылар мен тәрбиеленушілер тұлғасының қалыптасуына, дамуына, әлеуметтік және кәсіби қалыптасуына, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым және білім жетістіктері негізінде олардың қажеттіліктерін, қабілеттіліктерін, икемділіктері мен дарындылығын анықтау, дамыту және жүзеге асыру жолымен Қазақстанның толыққанды азаматтарын тәрбиелеуге қажетті жағдайлар жасау болып табылады.

15. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) Мәдениет саласындағы білім (ОКЭД-85.5.20);

-музыка оқытушыларының қызметі және басқа да музыкалық оқу;

2) тұлғаның шығармашылық, рухани, дене мүмкіндіктерін дамыту және іске асыру;

3) адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдайлар жасау жолымен ой-өрісті байыту;

4) азаматтық пен патриоттыққа, өз Отаны - Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікке, мемлекеттік нышандарды және мемлекеттік тілді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, қандай да бір конституциялық және қоғамға қарсы құбылыстарға төзбеуге тәрбиелеу;

5) белсенді азаматтық ұстанымы бар тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне қатысу қажеттілігін, өз құқықтары мен міндеттеріне саналы қарауды қалыптастыру;

6) әлемдік және отандық мәдениет жетістіктеріне баулу;

7) тұлғаны қоғамдағы өмірге бейімдеу;

8) олардың бос уақытын мазмұнды етіп ұйымдастыру;

9) көркем-эстетикалық білімдерді белсенді насихаттаушыларды тәрбиелеу, аса дарынды балаларды арнаулы мәдениет және өнер оқу орындарына түсуге даярлау.

16. Кәсіпорынның функциялары:

1) Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі Кәсіпорын туралы үлгілік ережелеріне сәйкес қызметті жүзеге асыру;

2) балалардың ақыл-ой, адамгершілік және тәндік жағынан дамуына қажетті музыкалық дайындығын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайларды туғызу;

3) мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес домбыра, қобыз, баян, фортепиано, скрипка, вокал, гитара, гитара ансамблі, вокал ансамблі, домбыра ансамблі, қобыз ансамблі, хор тағы басқа қызметтерді ақылы негізде көрсету.

4) Кәсіпорынның осы Жарғының нысанасы мен мақсатына сәйкес келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға құқығы жоқ;

5) мектептен тыс ұйымдармен ынтымақтастық орнату;

6) өзге білім беру ұйымдарында және ұлттық-мәдени орталықтарда бірлестіктер құру;

17. Кәсіпорын осы Жарғыда анықталғандай, өз қызметінің нысанасы мен мақсатына қайшы келетін қызметпен айналыса алмайды немесе мәмілелер жасай алмайды;

18. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы, не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік

мәжілісті уәкілетті органның (жергілікті атқарушы органның) не конкурстық талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

19. Кәсіпорын басшысының заңды тұлғаның жарғыдан тыс қызметі жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылып, тәртіптік және материалдық жауаптылық шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Білім беру процесін ұйымдастыру

20. Кәсіпорында білім беру процесін ұйымдастыру күнтізбелік оқу кестесімен, сабақ кестесімен реттеледі. Кәсіпорын оқу жоспарларын, күнтізбелік оқу кестелерін дербес әзірлейді.

21. Кәсіпорынның оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру қызметтің мақсаттары мен түрлеріне сәйкес қазақ және орыс түрлерінде жүргіледі. Білім алушылардың сабақ тәртібі мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік ережелеріне, Кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жүргізіледі.

22. Бюджеттен тыс қаржыландырылатын топтардағы апталық оқу жүктемесі мен білім алушылар саны жұмыс берушінің құқықтық және нормативтік құжаттары мен Ұжымдық шартқа сәйкес шарттық негізде және жұмыс берушінің актілерімен жүзеге асырылады.

23. Конкурстар өткізу кезінде Кәсіпорын қатысушылар үшін кіру жарнасын енгізуге құқылы.

24. Білім беру ұйымдарында нәсілдік, ұлттық, діни, әлеуметтік теңсіздік пен айрықшалықты насихаттауға, милитаристік және қалықаралық құқық пен ізгіліктің жалпы танылған қағидаттарына қайшы келетін өзге де идеяларды таратуға тыйым салынады.

25. Кәсіпорындағы тәрбие бағдарламалары білім беру процесінің құрамдас бөлігі болып табылады және білім алушылардың елжандылығын, азаматтылығын, интернационалдығын, жоғары моральдық пен адамгершілігін қалыптастыруға, сондай-ақ жан-жақты қызығушылықтары мен қабілеттерін дамытуға бағытталған.

26. Кәсіпорында балалар үшін қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру кезінде оқу-тәрбие процесі қызығушылықтарына қарай бірлестіктерде жүзеге асырылады.

27. Балалар үшін қосымша білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыруда оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі нысаны – сабақ (дәріс) болып табылады.

28. Топтардағы сабақтар бір тақырыптық бағыттағы білім беретін оқу бағдарламалары немесе кешенді, біріктірілген бағдарламалар бойынша

жүзегі. Бағдарлама талаптарына қарай сабақтар бүкіл оқу жылына да, кейбір-кейбір қысқа мерзімдерге де ұйымдастырылады.

28. Кәсіпорын білім алушылардың оқу-тәрбие жұмысын бүкіл күнтізбелік жыл бойы ұйымдастырылады. Оқу жылы ағымдағы жылдың 1 қыркүйегінен басталып, келесі жылдың 25 мамырында аяқталады.

29. Кәсіпорын білім беретін оқу бағдарламаларының бағыттылығын ескере отырып, сабақтар жеке, топпен, ұжыммен өткізіледі.

30. Кәсіпорында толық оқыту курсы аяқтаған және мемлекеттік бітіру тестін тапсырған білім алушылар белгіленген үлгідегі мектеп бітіргендігі туралы куәлік алады.

31. Кәсіпорында оқу-тәрбие процесін жетілдіруге, жаңа оқыту технологиялар енгізуге және енгізуге, педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыруды мақсат етуге бағытталған әдістемелік жұмыс жүзеге асырылады. Осы мақсатта ұйым әдістемелік кеңес, әдістемелік шығармашылық бірлестіктер құрылады. Олардың қызметі Жарғыда айқындалған тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Білім беру процесінің қатысушылары

33. Білім беру процесінің қатысушылары балалар, педагог қызметкерлер, оқушылардың ата-аналары (кәмелетке толмағандардың өзге де заңды өкілдері) болып табылады.

34. Қабылдау жоспарына, өнердің сол немесе өзге де түрі саласында табиғи қабілет алғышарттары мен қабілеттерін анықтау бойынша конкурстық іріктеу нәтижелеріне сәйкес қабылдау жүзеге асырылады. Қабылдау тыңдалымын өткізу тәртібі мен мерзімдерін Кәсіпорын дербес айқындайды.

35. Оқу үшін төлем мөлшері және тәртібі белгіленген тәртіппен анықталады.

36. Кәсіпорын 6–7 жастағы (дайындық тобы) және 18 жасқа дейінгі балаларды түрлі музыкалық аспаптарда оқыту үшін коммерциялық негізде қабылдауды ұйымдастыра алады.

37. Білім алушылардың, ата-аналардың (кәмелетке толмағандардың өзге заңды өкілдерінің), қызметкерлердің құқықтары мен міндеттері Кәсіпорын Жарғысымен және білім беру саласындағы заңнамалық актілермен айқындалады.

38. Кәсіпорын балаларды қабылдау кезінде балалар мен олардың ата-аналарын (заңды өкілдерін) Жарғымен және білім беру процесін ұйымдастыруды реттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

39. Педагогтік қызметпен айналысуға арнаулы педагогикалық немесе тиісті бейіндері бойынша және сәйкес келетін педагог қызметкерлер лауазымдарына

кәсіптік біліктілік сипаттамасы талаптарына жауап беретін кәсіптік білімі оқушылар жіберіледі.

40. Қызметкердің еңбек қатынастары еңбек шартымен реттеледі, оның шарттары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

6. Кәсіпорынды басқару

41. Кәсіпорынның құрылтайшысы келесі функцияларды жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады;

42. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынға қатысты келесі өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі шешімдерін қарайды, келеседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

43. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

3) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

4) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өкілеттіктерді жүзеге асырады.

44. Басшы Кәсіпорын органы болып табылады.

45. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек шартынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

46. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

47. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

48. Басшы дара басшылық қағидағтарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

49. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар беріледі;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлық ақылардың мөлшерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарлары мен бас бухгалтерді қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін бекітеді;

9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланы басқару жөніндегі уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

7. Кәсіпорынның мүлкі

50. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

51. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

52. Кәсіпорын мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлік (акшалай табыстарды жаса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

53. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

54. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

55. Жедел басқаруды мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

56. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

57. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

58. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 35 тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

59. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органының

келісімі бойынша Кәсіпорнынан бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

60. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

61. Осы Жарғының 33-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана, беруге және есептен шығаруға құқылы.

62. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

8. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

63. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

64. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін жергілікті атқарушы орган белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

65. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорын белгілейді.

66. Мемлекеттік қызмет көрсету жеке тұлғаларға акылы және тегін көрсетіледі (әрі қарай – көрсетілетін қызметті алушы).

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 219 бұйрығында көрсетілген білім алушылар санатына мемлекеттік көрсетілетін қызмет акылы түрде көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтарының санатына:

- 1) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығысыз қалған балалар;
- 2) даму мүмкіндіктері шектеулі балалар және бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар;
- 3) аз қамтылған отбасылардан шыққан оқушылар;
- 4) көп балалы отбасыдан екі немесе одан да көп мамандықта оқитын болса, бірінші мамандыққа оқу төлемі 100% мөлшерінде, ал қалған бір мамандыққа 50% мөлшерінде төлейді;

9. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

67.Кәсіпорынның жарғылық капиталы меншік иесінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

10. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

68. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

11. Кәсіпорын жауапкершілігі

69. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиялық жауаптылықта болады.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

70.Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

71. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы Еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

72. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

73. Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасы негізінде айқындалады.

14. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

74. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Ақтөбе облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

75. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты коса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.